

**Степногорск қаласының білім бөлімінің жанындағы  
«Мектепаралық оқу-өндірістік комбинаты» МКҚК бойынша  
2020 жылдың 1 жарты жылдығының қорытындысы**

Кәсіпорын қызметінің мақсаты оқушыларды еңбекке және кәсіптік оқытуға қажетті жағдайлар жасау болып табылады. Қойылған мақсатты іске асыру үшін кәсіпорын мынадай міндеттер түрлерін жүзеге асырады: 1) еңбекке және кәсіптік оқытудың сапалы қызметтерін ұсыну; 2) балаларға арналған жаңа жылдық іс-шараларды өткізу.

2020 жылдың 1 жартыжылдығында кәсіптік бағдар беру курстарынан өткен оқушылар саны 583 адамды құрады. 1) 2020 жылдың 1 жартыжылдығында 583 адам оқытылды, 1 оқушыға жұмсалатын орташа шығын 69,74 мың теңгені құрады.

Қызметтердің негізгі тұтынушылары Степногорск қаласының жалпы білім беретін мектептерінің, Ақсу, Заводской кенттерінің оқушылары болып табылады. Оқушыларды еңбекке және кәсіптік оқытуға «Степногорск қаласының білім бөлімі» ММ-мен 2020 жылға 62021,00 мың теңге сомасына шарт жасалды, 2020 жылдың 1 жартыжылдығында 40656,00 мың теңге орындалды. 2020 жылдың 1 жартыжылдығында кәсіпорынның шығыстары 40656,0 мың теңгені құрады, оның ішінде сату бойынша шығыстар 35845,79 мың теңге, әкімшілік шығыстар 4810,21 мың теңге.

Сыйақы бойынша шығыстар және басқалары жоқ. 2020 жылдың 1 жартыжылдығында ақшалай қаражат түсімі 40656,00 мың теңгені құрады, оның ішінде мемлекеттік тапсырма бойынша оқушыларды кәсіптік оқыту бойынша қызметтер үшін - 40656,00 мың теңге.

2020 жылдың 1 жартыжылдығында ақшалай қаражаттың шығуы 40656,00 мың теңгені құрады. 2020 жылдың 1 жартыжылдығында өнім өндірумен айналысатын қызметкерлердің еңбекақысы 26128,00 мың теңгені құрады, оның ішінде негізгі жалақы 24621,00 мың теңге, тұрақты емес төлемдер - 1507,00 мың теңге, оның ішінде емдік жәрдемақы-1307,00 мың теңге, 200,00 мың теңге-сыйлықақы.